

"Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2026 жылғы 24 шілдедегі № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 27 шілдеде № 39401 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11722 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы

Көлік министрінің

міндетін атқарушы

2026 жылғы 24 шілдедегі

№ 192 Бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін

атқарушысының

2015 жылғы 24 ақпандағы

№ 197 бұйрығымен

бекітілген

Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-25) тармақшасына, сондай-ақ 48-бабына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының авиациялық стандарттарына сәйкес әзірленген (бұдан әрі – ИКАО).

2. Осы Қағидалар азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау, сертификат беру тәртібін, "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін, сондай-ақ шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тану тәртібін айқындайды.

3. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаты (бұдан әрі – сертификат) иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа тұлғаға берілмейді.

4. Сертификат екі жылға беріледі.

Сертификаттың қолданылу аясы өзгерген кезде сертификат бұрын берілген (ағымдағы) сертификаттың қолданылу мерзіміне беріледі.

Бұрын берілген сертификаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым осы Қағидалардың 9-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көрсетілген сертификатты алу сияқты тәртіппен сертификаттаудан өтеді.

5. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттауды (бұдан әрі – сертификаттау) және сертификат беруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

6. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық техника – әуе кемесі, әуе кемесінің қозғалтқышы, әуе кемесінің әуе винті немесе оларға орнатуға арналған компонент;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

3) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның рәсімдері жөніндегі басшылық (бұдан әрі – басшылық) – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның басшысы бекіткен құжат, онда ұйымның құрылымы туралы ақпарат, оның басшылығының міндеттері, орындалатын жұмыстар көлемі, өндірістік база, техникалық қызмет көрсету және жөндеу рәсімдері, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету жүйелері немесе инспекциялық тексерулер жүргізу туралы толық ақпарат қамтылады;

4) жөндеу – авиациялық техниканың ұшу жарамдылығының тиісті нормаларына сәйкес бұзылғаннан немесе тозғаннан кейін оларды қалпына келтіру;

5) сапа жүйесі – авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасына әкімшілік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымның, құжаттамалық әдістемелердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы;

6) техникалық қызмет көрсету – әуе кемесінің, қозғалтқыштың, әуе винтінің немесе тиісті бөлігінің ұшу жарамдылығын қолдау үшін қажетті авиациялық техникада бақылау қалпына келтіру жұмыстарын, тексерулерді, алмастыруларды қоса алғанда, жеке де, үйлесімде де орындалатын ақауларды жою жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ модификациялауды немесе жөндеуді іс жүзінде жүзеге асыру;

7) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі – қажетті ұйымдық құрылымды, жауапкершілік иерархиясын, басшылық қағидаттары мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға жүйелі көзқарас.

7. Сертификаттау үшін "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2023

жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласында төлемдер алу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен төлем алынады.

Төлемақы мөлшері "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен айқындалады (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі - Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесі және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері).

Сертификаттау уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

8. Сертификат:

бастапқы сертификаттау кезінде;

сертификаттың қолданылу мерзімін ұзарту кезінде (бұрын берілген сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін);

сертификатты өзгерту және (немесе) толықтыру кезінде беріледі.

9. Сертификаттау келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) өтінім берудің алдындағы кезең;

2) өтініш берушінің уәкілетті ұйымға құжаттармен бірге өтінім беруі;

3) құжаттаманы бағалау;

4) уәкілетті ұйымның сертификаттау тексеруін жүргізуі;

5) сертификат беру (беруден бас тарту).

Сертификаттау процесінің әрбір кезеңін көрсететін барлық құжаттаманы уәкілетті ұйым сақтайды.

2-тарау. Азаматтық авиацияның авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және сертификат беру тәртібі

1-параграф. Өтінім берудің алдындағы кезең

10. Өтінімді берудің алдындағы кезең өтініш берушінің сертификат алу ниеті туралы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған алдын ала бағалау өтінішімен уәкілетті ұйымға алдын ала жүгінуін көздейді.

Алдын ала бағалау өтінішіне өтініш беруші авиациялық персоналды кәсіби даярлауға арналған шығыстарды қоса алғанда, қаржылық ресурстарды бөлуді көздейтін қызметтің кеңейтілген қаржы-экономикалық жоспарын, сондай-ақ азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым қызметінің жоспарланатын салаларын қоса ұсынады. Көрсетілген

жоспар заңды тұлғаның меншік иесімен (қатысушыларымен, акционерлерімен) бекітілуге жатады. Қызметті жүзеге асыру үшін жеткілікті қаржылық ресурстардың болуы өтініш берушінің соңғы үш айдағы банктік шотынан алынған үзінді көшірмемен расталады.

Осы кезеңде уәкілетті ұйым өтініш берушіге азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым қызметінің рұқсат етілген салалары, өтінімді қарау рәсімдері, ұсынылуға жататын мәліметтер мен құжаттардың тізбесі туралы толық ақпарат береді, сондай-ақ сертификаттау процесінің тәртібі мен кезеңдерін түсіндіреді және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 196 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12045 болып тіркелген) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарымен (бұдан әрі – сертификаттау талаптары) танысуды ұсынады.

Уәкілетті ұйым өтініш түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіні құжаттардың толық топтамасы ұсынылған, жеткілікті қаржылық ресурстар расталған және мәлімделген қызмет салаларының осы Қағидалардың және сертификаттау талаптарының талаптарына алдын ала сәйкес келетіні расталған жағдайда, өтініш берушінің сертификаттауға дайындықты бастауына негіз болып табылатын оң қорытынды туралы, не құжаттар ұсынылмаған немесе толық ұсынылмаған, жеткілікті қаржылық ресурстар расталмаған, сондай-ақ мәлімделген қызмет салаларының көрсетілген талаптарға алдын ала сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, теріс қорытынды туралы хабардар етеді.

2-параграф. Өтінім және құжаттарды беру

11. Сертификатты алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсететін және жөндейтін ұйымның сертификатын алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім), осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның басшы құрамы туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көзделген құжаттар топтамасымен бірге жібереді.

Тізбе мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтиды.

Іс-шаралар жоспары іс-шараларды, іс-қимылдарды, бағдарламаларды, әуе кемелерін және сертификаттық тексеру жүргізілгенге дейін уәкілетті ұйымға ұсынылуға жататын өндірістік құралдарды қамтиды.

Іс-шаралар жоспарында мынадай күндер көрсетіледі:

- 1) техникалық қызмет көрсету және жөндеу персоналының дайын болу күні;
- 2) өндірістік қызмет орындарының тексеру жүргізуге дайын болу күні;
- 3) әрбір талап етілетін нұсқаулықтың бағалау жүргізуге дайын болу күні.

Сәйкестік туралы өтініш өтініш берушінің қызмет саласына қолданылатын сертификаттау талаптарының тізбесін қамтиды. Сәйкестік туралы өтініште әрбір сертификаттау талабы бойынша сәйкестікті қамтамасыз ету тәсілін айқындайтын қысқаша сипаттама не осындай мәліметтерді қамтитын нұсқаулыққа сілтеме көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде электрондық цифрлық куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжат нысанындағы өтінім портал шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті берушінің "Е-лицензиялау" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ) құжаттарды қабылдаған күні жіберіледі.

Өтінімді өңдеуді көрсетілетін қызметті берушімен ЕЛ-ға өтінім келіп түскен кезден бастап жүзеге асырылады.

12. Өтініш берушінің портал арқылы "жеке кабинетіне" жіберген кезде, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алудың күнін, орнын көрсету мен мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

13. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

14. Сертификаттау мерзімі өтінім уәкілетті ұйымға келіп түскен күнінен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспайды.

Өтініш берушіде әртүрлі қалаларда орналасқан өндірістік қызметтің екіден астам орны болған жағдайда, қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күніне ұзартылады және/немесе өтініш берушіге анықталған сәйкессіздіктерді жою талап етілетін жағдайларда, қарау мерзімі осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес түзету іс-қимылдары жоспарында көрсетілген мерзімге ұзартылады, ол туралы қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарланады.

15. Уәкілетті ұйым құжаттарды, олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық

қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификаттарын уәкілетті ұйым "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш берушілерден цифрлық жүйелерден алынатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

16. Уәкілетті ұйым өтінішті Тізбенің 8-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің бар-жоғын тексереді және өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тарту себептерін жойған жағдайда, өтініш беруші мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.

3-параграф. Құжаттаманы бағалау

17. Өтінім беруші тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде ұсынылған құжаттарды Уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген авиация инспекторлары үшін нұсқаулық материалды пайдалана отырып, заң талаптарына және сертификаттау талаптарына сәйкестігіне, Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына тексереді және оның нәтижелері бойынша порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" сертификаттық тексерудің кезеңі мен тексеру үшін тағайындалған авиациялық инспектордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіле отырып, сертификаттық тексеру жүргізу туралы хабарлама жіберіледі. Сертификаттау рәсімінде өзгерістер болған жағдайда тексеру басталғанға дейін өтініш берушіге "жеке кабинет" қосымша ақпарат жіберіледі, не Тізбенің 9-тармағымен көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жауапты рәсімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің порталындағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

4-параграф. Сертификаттық тексеру зерттеп-қарауды жүргізу

18. Сертификаттық зерттеп-қарауды авиациялық инспекторлармен жүзеге асырылады, олардың функцияларына авиациялық техниканы пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын қолдау, сапаны бақылау және кепілдік беру, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі басқару жүйесі мәселелері жатады.

Сертификаттық зерттеп-қарауды 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

19. Сертификаттық зерттеп-қарауды осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйым қызметінің мәлімделген салаларына қарай жүргізіледі.

Сертификаттық зерттеп-қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасына, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес әзірленген авиациялық инспекторлары үшін нұсқамалық материалды пайдалана отырып, уәкілетті ұйымы жүзеге асырады.

20. Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде ұйымдардың сертификаттық талаптарға сәйкестігін растауға мүмкіндік беретін тексеру рәсімдері іске асырылады.

21. Сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша авиациялық инспекторлар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттық тексеру актісін өтініш берушінің объектілерінің нақты жай-күйін, қорытындыларды, ұсынымдарды және сертификат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны көрсете отырып, екі данада жасайды, оған аяқталғаннан кейін авиациялық инспекторлар қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге ұсынылады.

Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде анықталған сәйкессіздіктер үш деңгейге бөлінеді:

1) 1-деңгей – қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі;

2) 2-деңгей – уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде жойылған немесе шектеулер енгізілген жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі;

3) 3-деңгей-қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде оны жоюға жататын сертификаттау талаптарына сәйкессіздік.

22. 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өтініш берушінің адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмауымен сипатталады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген кезде Уәкілетті ұйым сертификат беруден бас тартады не өтініш беруші анықтаған сәйкессіздіктер жойылған сәтке дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификаттың қолданылуын шектейді.

23. 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімге келіседі. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық тексеру нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға келісуге ұсынады. Түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын әзірлеу кезінде өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктің туындауының негізгі себебін айқындайды, сондай-ақ түзету іс-қимылдарының жоспарына сәйкессіздіктің қайталануын жою және болдырмау жөніндегі іс-қимылдарды қосады. Өтініш беруші сәйкессіздікті жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

2) анықталған сәйкессіздікті жою үшін өтініш беруші ұсынған шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимыл жоспарын келіседі немесе оны негіздемесімен пысықтауға қайтарады. Бұл ретте өтініш беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде түзету іс-шараларының жоспарын пысықтайды.

Түзету іс-шараларының жоспарында көрсетілген мерзімді өтініш беруші оны өзгерту қажеттілігінің негіздемесін ұсынған жағдайда уәкілетті ұйым 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Өтініш беруші осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімде түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын ұсынбаған жағдайда, Уәкілетті ұйым сертификат беруден бас тартады.

5-параграф. Сертификат беру (беруден бас тарту)

24. Уәкілетті ұйым өтініш берушінің тексеру немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу жолымен жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдары жоспарын ұсынуын және (немесе) түзету іс-қимылдарының орындалуын бақылайды.

Егер өтініш беруші түзету әрекеттерін келісілген мерзімде орындамаса, 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмейді және уәкілетті ұйым бұрын берілген сертификатты кері қайтарып алады немесе шектейді.

Сертификатты бастапқы беру немесе қолданыстағы сертификаттың қолданылу аясын кеңейту кезінде сертификаттық талаптарға сәйкессіздік сертификат берілгенге дейін жойылады.

3-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.

25. Сертификаттық зерттеп-қарау актісі негізінде және қосымша зерделеуді немесе тексеруді жүргізу қажет болмаған жағдайларда уәкілетті ұйым авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша не тізбенің 9-тармағымен көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің порталындағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

26. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

27. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды

жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

28. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық нысанда берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

6-параграф. Сертификатты тоқтата тұру, кері қайтарып алу және жаңарту

29. Уәкілетті ұйым мынадай жағдайларда:

- 1) ұйымның сертификаттық талаптар мен шектеулерді сақтамауы;
- 2) ұйымның "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 551 бұйрығын (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11573 болып тіркелген) сақтамауы;
- 3) Заңның 16-3-бабының ережелеріне сәйкес немесе тексеру кезінде белгіленген ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін бірінші деңгейдегі бұзушылықтар анықталған;
- 4) ұйымның жазбаша өтінімі болған жағдайда сертификаттың қолдануын тоқтатады.

30. Сертификаттың қолданысын тоқтатқан немесе қайтарып алған жағдайда уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде қабылданған шешім туралы ұйымға хабарлайды.

31. Егер ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарымен белгіленген мерзімдер сертификаттың қолданылуын тоқтатуға әкелетін сәйкессіздіктерді және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайда уәкілетті ұйым оны қайтарып алады.

32. Сертификаттың қолданылуын қайта бастау, ол тоқтатыла тұрған жағдайда, ұйым анықталған сәйкессіздіктерді (бұзушылықтарды) жойғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ұйымның анықталған сәйкессіздіктерді (бұзушылықтарды) жоюы уәкілетті ұйымның тексеру жүргізуі арқылы белгіленеді.

33. Уәкілетті ұйым тексеруді аяқтаған сәтінен бастап ұйымды 3 (үш) жұмыс күні ішінде сертификаттың қолданысын жаңарту немесе жаңартудан бас тарту бойынша шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

7-параграф. Сертификатқа өзгерістер және толықтырулар енгізу

34. Сертификатқа өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу үшін өтініш беруші портал арқылы уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып жібереді.

Бұрын берілген сертификат сертификатқа өзгеріс енгізілгеннен кейін жарамсыз деп танылады.

35. Сертификатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

- 1) ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда;
- 2) сертификаттың қолданылу саласын өзгерту.

36. Сертификатқа өзгерістер енгізу мерзімі:

1) ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайларда – бес жұмыс күні;

2) сертификаттың қолданылу саласы өзгерген жағдайда – жиырма екі жұмыс күні.

Өтініш берушінің өндірістік қызметінің екіден артық орны әртүрлі қалаларда орналасқан жағдайда, қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күніне ұзартылады және/немесе өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жоюы қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес түзету іс-шаралары жоспарында көрсетілген мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарланады.

37. Сертификаттың қолданылу саласын өзгерту осы Қағидалардың 9-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көрсетілген азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын алу сияқты тәртіппен жүзеге асырылады.

8-параграф. Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын танудың тәртібі

38. Шет мемлекеттердің авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатталған ұйымдары (бұдан әрі – шетелдік ұйымдар) олардың сертификаттарын уәкілетті ұйым толық/ішінара танығаннан кейін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарға жіберіледі.

39. Шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану мынадай жұмыс түрлерін орындау кезінде талап етіледі:

1) әуе кемелеріне мерзімді техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

2) тұрақты негізде шарттар жасасу кезінде әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету.

40. Егер сертификат берілген негіздегі сертификаттау талаптары ИКАО талаптары мен стандарттарына және Қазақстан Республикасында қолданыстағы сертификаттау талаптарына сәйкес келген жағдайда, шетелдік ұйымдардың сертификаттарын тану тәртібі шетелдік ұйымдарға қолданылады.

41. Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тануды (бұдан әрі – сертификатты тану) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тану туралы шешім түрінде (бұдан әрі – Сертификатты тану туралы шешім) уәкілетті ұйым ресімдейді, онда шетелдік ұйым көрсетіледі, онда сертификат танылады және Сертификатты тану туралы шешімнің қолданылу мерзімін белгілейді.

42. Шетелдік ұйымдардың сертификаты уәкілетті ұйымымен бір жылға танылады.

43. Сертификатты тану туралы шешімді алу үшін шетелдік ұйым уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын тануға арналған өтінімді (бұдан әрі – тануға арналған өтінім) жібереді.

Тану туралы өтінімге келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) қосымшалары бар шетелдік ұйымның қолданыстағы сертификатының көшірмесі;
- 2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру рәсімдері жөніндегі нұсқаулық қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін пайдаланушының осы шетелдік ұйыммен техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу ниетін жазбаша растауы.

44. Ұсынылған құжаттарды қарау барысында уәкілетті ұйым осы ұйымды сертификаттауды жүзеге асырған шет мемлекеттің авиациялық әкімшілігі берген шетелдік ұйым сертификатының жарамдылығын тексереді, сондай-ақ уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторы (авиациялық инспекторлары) тарапынан сертификаттау талаптарына сәйкестігіне қатысты шетелдік ұйым көшпелі тексеру жүргізеді.

Шетелдік ұйымдарды көшпелі тексеру мынадай жағдайларда:

- 1) жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде;
- 2) Еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігі (EASA) немесе EASA-ға қатысушы елдердің және Ұлыбританияның авиациялық билігі сертификаттаған ұйымдарда немесе әуе кемелерін өндіруші болып табылатын ұйымда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде талап етілмейді.

45. Шетелдік ұйымдардың сертификатын тану Халықаралық азаматтық авиация ұйымының ИКАО талаптары мен стандарттарына сәйкес әзірленген нұсқамалық материалды пайдалана отырып, шетелдік ұйымның мәлімделген қызмет саласына қатысты жүзеге асырылады.

46. Көшпелі зерттеу жүргізу кезінде шетелдік ұйымның сертификаттау талаптары іске асырылады.

47. Көшпелі тексеру нәтижелері бойынша авиациялық инспекторлар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік ұйым объектілерінің нақты жай-күйін, қорытындыларды, ұсынымдарды және сертификатты тану туралы шешім беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны көрсете отырып, екі данада көшпелі тексеру актісін жасайды, ол аяқталғаннан кейін авиациялық инспекторлар қол қояды және танысу үшін шетелдік ұйымға ұсынады.

Көшпелі тексеру кезінде анықталған сәйкессіздіктер үш деңгейге бөлінеді:

- 1) 1-деңгей - қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі;

2) 2-деңгей - уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде жойылған немесе шектеулер енгізілген жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі;

3) 3-деңгей - қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде оны жоюға жататын сертификаттау талаптарына сәйкессіздік.

48. 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер шетелдік ұйымның техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, шетелдік ұйымның адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмауымен сипатталады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті ұйым тану туралы шешім беруден бас тартады.

49. 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімге келіседі. Шетелдік ұйым анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі 9 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық тексеру нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға келісуге ұсынады. Түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлеу кезінде өтініш беруші әрбір анықталған сәйкессіздіктің туындау себебін айқындайды, сондай-ақ түзету іс-қимылдарының жоспарына сәйкессіздіктің қайталануын жою және болдырмау жөніндегі шараларды енгізеді. Шетелдік ұйым сәйкессіздікті жою бойынша жедел шаралар қабылдайды.

2) анықталған сәйкессіздікті жою бойынша шетелдік ұйым ұсынған шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын келіседі не оны негіздемемен пысықтауға қайтарады. Бұл ретте шетелдік ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарын 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықтайды.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді уәкілетті ұйым оны өзгерту қажеттігі туралы негіздемені шетелдік ұйым ұсынған жағдайда 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Шетелдік ұйым осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімде түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым Сертификатты тану туралы шешім беруден бас тартады.

50. Уәкілетті ұйым қайта тексеру немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу жолымен ұсынылған түзету іс-қимылдарының жоспарына сәйкес шетелдік ұйымның сәйкессіздіктерін жоюды бақылауды жүзеге асырады.

Егер шетелдік ұйым түзету іс-әрекеттерін келісілген мерзімде орындамаса, 2-деңгейдің сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуі 1-деңгейдегі сәйкессіздікке айналады және уәкілетті ұйым Сертификатты тану туралы бұрын берілген шешімді кері қайтарып алады немесе шектейді.

3-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.

51. Сертификатты тану және сертификатты тану туралы шешімді беру рәсімдерінің жалпы мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күнін құрайды.

Қажетті ақпаратты зерделеу, тексеру немесе алу үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайда өтінімді қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы тануға өтінімді беруші қарау мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге хабарлайды.

52. Сертификатты тану туралы шешім ұсынылған құжаттар және жүргізілген сертификаттық тексеру негізінде беріледі. Уәкілетті ұйым тануға өтінімді алған сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде сертификатты тану туралы шешімді беруді немесе беруден дәлелді бас тартуды жүзеге асырады.

53. Уәкілетті ұйым шетелдік ұйымға:

1) сертификатты және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) тану туралы шешімді алу үшін шетелдік ұйым ұсынған құжаттардың анық еместігін анықтау ;

2) шетелдік ұйымның және (немесе) Сертификатты тану туралы шешімді беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалармен немесе сертификаттық талаптармен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі;

3) шетелдік ұйымға қатысты Сертификатты тану туралы шешім беруді талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болған жағдайларында шетелдік ұйымға Сертификатты тану туралы шешімді беруден бас тартады.

54. Сертификатты тану туралы шешім бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда көрсетілген құжаттың қолданысы тоқтатылады. Сертификатты тану туралы шешімнің телнұсқасын алу үшін шетелдік ұйым уәкілетті ұйымға еркін нысанда өтінім жібереді.

55. Уәкілетті ұйым өтінімді алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде Сертификатты тану туралы шешімнің телнұсқасын өтінім берушіге береді, онда оң жақ жоғары бұрышында "Телнұсқа" деген белгісі қойылады.

9-параграф. Шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі сертификатын тану туралы шешімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі

56. Сертификатты тану туралы шешімге өзгеріс енгізу үшін шетелдік ұйым уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай құжаттарды қоса бере отырып, өтінім береді:

1) қосымшалары бар шетелдік ұйымның қолданыстағы сертификатының көшірмесі;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру рәсімдері жөніндегі нұсқаулық қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін пайдаланушының осы шетелдік ұйыммен техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу ниетін жазбаша растауы.

Сертификатты тану туралы бұрын берілген шешім оған өзгеріс енгізілгеннен кейін жарамсыз деп танылады.

57. Сертификатты тану туралы шешімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

1) шетелдік ұйымның атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын немесе заңды мекенжайын өзгерту;

2) шетелдік ұйым сертификатының қолданылу аясындағы өзгерістер.

58. Сертификатты тану туралы шешімге өзгерістер енгізу мерзімі:

1) ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайларда-бес жұмыс күні;

2) сертификаттың қолданылу саласы өзгерген жағдайларда-жиырма екі жұмыс күні.

